

## Жедел аппендицит

1. Жедел гинекологиялық аурулар мен жедел аппендициттің дифференциалды-диагностикасын өткізу үшін маңызды мәліметтер:

- 1) Ровзинг симптомын анықтау
- 2) қанның клиникалық анализі
- 3) қынаптық тексеру +
- 4) қынаптың артқы күмбезінің пункциясы +
- 5) гинекологиялық анамнезі +

2. Аппендикулярлы инфильтратты ( тығыз кезінде) емдеу шаралары :

- 1) шұғыл операция
- 2) антибиотиктерді қолдану +
- 3) стационарлық ем +
- 4) наркотиктерді қолдану
- 5) жағымды диета +

3. Аппендикулярлы инфильтраттың белгісіне жатпайды:

- 1) субфебрильді дене қызуы
- 2) аурудың ұзақтығы 4-5 күн
- 3) сарғаю +
- 4) лейкоцитоз
- 5) оң жақ мықын аймағында ісік тәрізді құрылымның анықталуы

4. Жедел аппендициттің қай түрінде пилефлебиттің дамуы қауіпі жоғары:

- 1) аппендикулярлы инфильтратпен асқынса
- 2) катаралды аппендицитте
- 3) аппендикулярлы абсцеспен асқынса
- 4) флегмонозды аппендицит кезінде құрт тәрізді өсіндінің шажырқайының қабынуы байқалса +
- 5) гангренозды-перфоративті аппендицит

5. Жедел аппендицит кезіндегі аппендэктомияға қарсы дәлел болып саналады:

- 1) миокард инфарктісі
- 2) 36-40 апталық жүктілік
- 3) новокаинға аллергия
- 4) тығыз аппендикулярлы инфильтрат +
- 5) қан ұйғыштығының бұзылуы

6. Аппендикулярлы инфильтраттың белгілері:

- 1) субфебрильді дене қызуы +
- 2) ауру мерзімі 3-4 күн +
- 3) профузды іш өту

- 4) анемия
- 5) пальпацияда –оң жақ мықын аймағында түзіліс табылады +

7. Жедел аппендицит күдігі болған жағдайда аталған шаралардың қайсысы ең қауіпті болып саналады?

- 1) ішке суық басу
- 2) антибиотиктер
- 3) асқазанды жуу
- 4) іш жүргізетін препараттар беріп, клизма қою +
- 5) шұғыл лапаротомия

8. Жедел аппендицит пен оң жақ бүйрек шаншу арасында дифференциалды диагноз жүргізу үшін қолданатын шаралар:

- 1) спазмолитиктерді енгізу +
- 2) наркотиктерді енгізу
- 3) зәр анализі +
- 4) хромоцистоскопия +
- 5) бүйрек артерияларының ангиографиясы

9. Перфоративті аппендицитке келесі белгілер тән :

- 1) құрсақ қуысында бос газдың болуы
- 2) жалпы қан айналымының көлемінің төмендеуі
- 3) құрсақта кенеттен ауру сезімінің күшеюі +
- 4) құрсақтың алдыңғы қабырғасының бұлшық еттерінің қатаюы +
- 5) Щеткин-Блюмберг симптомының оң болуы +

10. Жедел аппендицитке келесі белгілер тән:

- 1) Ортнер
- 2) Бартомье-Михельсон +
- 3) Кохер-Волкович +
- 4) Ровзинг +
- 5) Мерфи

11. Жедел аппендицитте қабыну үрдісі қай жерден басталады:

- 1) сірлі қабатынан
- 2) шырышты қабатынан +
- 3) бұлшық ет қабатынан
- 4) бүйен ішектен
- 5) мықын ішектен

12. Аппендэктомиядан кейін 6-ші тәулікте науқаста дене қызуы көтеріліп, енгігу, қалтырау пайда болды. Бұл жағдай қандай асқынулармен түсіндіріледі:

- 1) оң жақтық пневмония +

- 2) миокард инфарктісі
- 3) диафрагма асты абсцесі +
- 4) ішек аралық абсцесі +
- 5) іш қуысына қан кету

13. Аппендэктомиядан кейін Дуглас кеңістігінің абсцесі келесі белгілермен сипатталады:

- 1) гектикалық дене температурасы +
- 2) тік ішекте ауыру сезімі +
- 3) диафрагма қозғалысының шектелуі
- 4) қынаптың артқы қабырғасы немесе тік ішектің алдыңғы қабырғасының ілініп тұруы +
- 5) іш бұлшық еттерінің қатаюы

14. Аппендэктомиядан 5 күн өткен соң науқаста кенеттен жағдайының нашарлауы байқалды: дене қызуының гектикалық түрде көтерілеуі, лейкоцитоз, ішкі жамбас қуысында ауыру сезімі пайда болды, құбылмалы дизуриялық белгілер мен тенезмдер айқындалды. Аталған көріністі анықтау үшін қандай қосымша зерттеу шараларын бастайсыз ?

- 1) хромоцистоскопия
- 2) зәр және қан анализдерін қайта тексеру
- 3) тік ішекті саусақпен тексеру +
- 4) ректороманоскопия
- 5) контрастты ирригоскопия

15. Аппендэктомиядан кейін дамыған диафрагма асты абсцесінің белгілері :

- 1) дем алған кезде іштің жоғарғы бөліктерінің ауырсынуы +
- 2) қан қақыру
- 3) үлкен дәретінің түсінің қараюы
- 4) іш қуысының шемені (асцит)
- 5) дене қызуының гектикалық түрде көтерілуі +

16. Жедел аппендициттің асқынулары :

- 1) аппендикулярлы инфильтрат +
- 2) кіші шарбымай қалтасының абсцесі
- 3) пилефлебит +
- 4) перитонит +
- 5) пиелонефрит

17. Жедел аппендицитке тән емес:

- 1) ауру сезімі эпигастриден басталып оң жақ мықын аймағында шоғырлануы

- 2) 1-2 рет құсу
- 3) іш кебуі
- 4) ауыру сезімі кенеттен «семсер» сұққандай болуы +
- 5) субфебрильді дене температурасы

18. Аппендэктомияға қарсы көрсеткіш:

- 1) егде жастағы науқаста аппендициттің жасырын клиникасы
- 2) стенокардия
- 3) ангина
- 4) іріңдеу белгілері жоқ тығыз аппендикулярлы инфильтрат +
- 5) жүктілік

19. Жедел аппендицитке тән емес :

- 1) жиі құсу
- 2) эпигастрий тұсында ауыру сезімі
- 3) оң жақ мықын аймағында ауыру сезімі
- 4) мелена (қара май тәрізді нәжіс) +
- 5) есінен тану +

20. Жедел аппендицит диагнозына күмәнданғанда ең тиімді қосымша зерттеу тәсілі:

- 1) хромоцистоскопия
- 2) құрсақ қуысының УДЗ
- 3) лапароскопия +
- 4) рентгенологиялық зерттеу
- 5) экскреторлы урография

21. Жедел аппендицитті оң жақтық бүйрек шаншуымен дифференциалды диагностикасында қолданылатын зерттеу әдістері:

- 1) диагностикалық лапароскопия +
- 2) хромоцистоскопия +
- 3) экскреторлы урография +
- 4) ректороманоскопия
- 5) ирригоскопия

22. Жедел аппендицитте пальпация жасағанда анықталатын маңызды белгі:

- 1) оң жақ мықын аймағының бұлшық еттерінің тітіркенуі +
- 2) оң қабырға асты бұлшық еттерінің тітіркенуі
- 3) оң жақ мықын аймағында жергілікті Щеткин-Блюмберг белгісі оң болуы +
- 4) оң жақ мықын аймағында қолға білінетін түзіліс
- 5) бел аймағындағы бұлшық еттерінің тітіркенуі

23. Жедел аппендициттің асқынулары:

- 1) аппендикулярлы инфильтрат +
- 2) перитонит +

- 3) пиелонефрит
- 4) панкреатит
- 5) пилефлебит +

24. Жедел аппендицитке күмәнді 28 жастағы науқас әйелде гинекологтың тексеруінен өткен соң диагнозы анықталған жоқ. Тактикаңыз:

- 1) құрсақ қуысының шолымалы рентгенографиясы
- 2) лапароскопия +
- 3) фиброгастроскопия
- 4) қабылдау бөлімшеде науқасты бақылау
- 5) диагностикалық лапаротомия

25. Бүйрек шаншу клиникасы құрт тәрізді өсіндінің қандай анатомиялық орналасуы түріне байланысты көрінуі мүмкін?

- 1) бауыр астылық
- 2) бүйен ішектің артында +
- 3) кіші жамбас қуысында
- 4) ретроперитонеалды +
- 5) сол жақ мықын аймағында

26. Құрт тәрізді өсінді кіші жамбас қуысында орналасқанда жедел аппендициттің клиникалық белгілері:

- 1) дизурия +
- 2) іш кебу
- 3) іш өту +
- 4) дефекация кезінде ауыру сезімі +
- 5) есінен тану

27. Жедел аппендициттің асқынулары:

- 1) перитонит +
- 2) периаппендикулярлық абсцесс +
- 3) Крон ауруы
- 4) аппендикулярлық инфильтрат +
- 5) жедел аднексит

28. Аппендицитке диагноз қою үшін төменде аталғандардың қайсысы қажет емес:

- 1) пальпация
- 2) қанның клиникалық анализі
- 3) тік ішекті саусақпен тексеру
- 4) ирригоскопия +
- 5) гинекологиялық зерттеу

29. Жедел аппендицитті аналық бездің апоплексиясынан ажырату үшін келесі белгілер керек немесе ескеру тиіс:

- 1) Кохер-Волкович
- 2) Промптов +
- 3) Бас айналу немесе есінен талу жағдайы +
- 4) Бартомье –Михельсон
- 5) Ауыру сезімінің сегізкөзге және шап аралығына жайылуы +

30. Жедел аппендицитті жатырдан тыс жүктіліктен ажырату үшін қандай зерттеу әдісі қолданылады:

- 1) лейкоцитоз динамикасы
- 2) іштің шолымалы рентгеноскопиясы
- 3) термометрия
- 4) қынаптың артқы күмбезінің пункциясы +
- 5) ирригоскопия

31. Аппендэктомиядан кейін 1-ші тәулікте науқастың беті бозарып, әлсіреу, тахикардия және оң жақ мықын аймағында ауру сезімі байқалады. Қандай асқыну дамыған:

- 1) аппендикулярлы абсцесс
- 2) пневмония
- 3) миокард инфарктісі
- 4) құрсақ қуысына қан кетуі +
- 5) ішектің жедел түйілуі

32. Жедел аппендициттің симптомдары қандай?

- 1) Ровзинг +
- 2) Ситковский +
- 3) Раздольский +
- 4) Ортнер
- 5) Мерфи

33. Жедел аппендициттің клиникалық белгілері?

- 1) оң мықын аймағындағы ауру сезімі +
- 2) 1-2 рет құсу +
- 3) жиі іш өту
- 4) субфебрильді дене қызуы +
- 5) тәбеттің болмауы

### **Жедел ішек түйілуі**

34. Странгуляциялық ішек түйілуінің дамуына әкелетін факторлар:

- 1) ұзын және жіңішке шажырқай +
- 2) жабысулардың болуы +

- 3) құрсақ жарықтардың болуы +
- 4) алкогольді қабылдау
- 5) майлы тағамдарды қабылдау

35. Ішектің жедел түйілуінде организмде пайда болатын бастапқы өзгерістер:

- 1) гиперкалиемия
- 2) дегидратация +
- 3) гематокриттің төмендеуі
- 4) гематокриттің жоғарлауы +
- 5) гипокалиемия +

36. Обтурациялық ішек түйілуіне қандай белгілер тән?

- 1) құрсақта тұрақты ауру сезімі
- 2) құрсақта толғақ тәрізді ауру сезімі +
- 3) «кофе тәрізді» құсық
- 4) іштің кебуі +
- 5) «шылпыл шуылы» белгісінің оң болуы +

37. Көрсетілген ішек түйілулерінің қайсысы странгуляциялық түріне жатады:

- 1) ішектің бұралуы +
- 2) ішектің өт тасымен бітелуі
- 3) ішектің түйінделуі +
- 4) сырт жағынан ісікпен басылу
- 5) ішектің жарық қақпасында қысылуы +

38. Жедел ішек түйілу кезіндегі консервативті емнің нәтижесін бағалау:

- 1) ауру сезімі ұстамасы арасының ұзаруы
- 2) нәжіспен газдың көлемді мөлшерде шығуы +
- 3) іштің кебуінің жойылуы +
- 4) перистальтиканың әлсіреуі
- 5) ауру сезімінің басылуы +

39. Ішектің жедел түйілуінде консервативті ем қандай жағдайда қолданылады:

- 1) ішектің бұралуы
- 2) ішектің түйінделуі
- 3) спастикалық түйілуі +
- 4) паралитикалық түйілуі +
- 5) копростаз +

40. Ішектің жедел түйілуі диагнозын қоюда маңызды зерттеу тәсілін атаңыз:

- 1) құрсақ қуысының шолымалы рентгеноскопиясы +
- 2) барий арқылы ішек пассажын жасау +
- 3) лапароскопия
- 4) эзофагогастродуоденоскопия
- 5) ирригоскопия +

41. Обтурациялық ішек түйілуінің бастапқы сатысында қолданатын тактика:

- 1) тек консервативті ем
- 2) шұғыл оперативті ем
- 3) жоспарлы операция
- 4) 2 сағат ішінде консервативті шаралардың әсері болмағанда - оперативті ем жүргізу +
- 5) назоинтестиналды интубация

42. Механикалық ішек түйілуінің жіктелуі:

- 1) обтурациялық +
- 2) спастикалық
- 3) жарақаттанулық
- 4) странгуляциялық +
- 5) аралас +

43. Ішек түйілуінде қолданылатын зерттеу әдістері:

- 1) фиброгастроскопия
- 2) құрсақ қуысының шолулық рентгенологиялық зерттеу +
- 3) ирригоскопия +
- 4) УДЗ
- 5) асқазан-ішек жолдарын рентген контрасттық зерттеу +

44. Ішектің механикалық түйілуінің клиникалық симптомдары:

- 1) іштің кебуі +
- 2) Валь симптомының оң болуы +
- 3) Ситковский симптомының оң болуы
- 4) Обухов ауруханасының симптомының оң болуы +
- 5) Мерфи симптомының оң болуы

45. Жедел ішек түйілуінің клиникасы:

- 1) іште толғақ тәрізді ауыру сезімі +
- 2) газ бен нәжістің шықпауы +
- 3) қайталап құсу +
- 4) іш өту
- 5) іш қуысының қатты қысып ауыруы

46. Жедел ішек түйілуінде рентгендегі өзгерістер?

- 1) іш қуысында бос ауа жиналу



- 2) жел кернеу
- 3) ішек бөліктерінің керілуі +
- 4) Клойбер табақшасы +
- 5) Керкринг қатпарларының анықталуы +

47. Ішек түйілуінің жіктелуі:

- 1) динамикалық +
- 2) механикалық +
- 3) паралитикалық
- 4) спастикалық
- 5) бітелу салдарынан

### **Өт тас ауруы**

48. Өт қабында тастың түзілу себебі :

- 1) өт қабындағы инфекция +
- 2) өт қабында өттің іркілуі +
- 3) өсімдік тағамын жиі қабылдау
- 4) науқастың жасы
- 5) холестерин алмасуы тепе-теңдігінің бұзылуы +

49. Асқынбаған өт тас ауруында диагноз қою үшін инвазивті емес қолайлы әдістер:

- 1) ретроградты холангиопанкреатография
- 2) лапароскопия
- 3) УДЗ +
- 4) бауыр арқылы холангиография
- 5) компьютерлік томография+

50. Жедел холециститтің асқынулары:

- 1) механикалық сарғаю +
- 2) өңеш веналарының варикозды кеңеюі
- 3) холангит +
- 4) перитонит +
- 5) Меллори-Вейс синдромы

51. Өт тас ауруының асқынулары :

- 1) холангит +
- 2) механикалық сарғаю +
- 3) дуоденостаз
- 4) жедел панкреатит +
- 5) жедел аппендицит

52. Өт тас ауруының клиникалық белгілерін көрсетіңіз:

- 1) бауыр тұсында ұстамалы шаншып ауруы +

- 2) оң жақ мықын аймағының түйіліп ауруы
- 3) пальпация кезінде оң қабырға астында қатты ауру сезімі +
- 4) оң қабырға доғасын қолмен соққылағанда ауру сезімінің оң болуы +
- 5) бел аймағының ауру сезімі

53. Жедел холециститтің клиникалық белгілері :

- 1) іштің кебуі
- 2) оң қабырға астында қатты ауру сезімі +
- 3) Ортнер симптомының оң болуы +
- 4) Воскресенский симптомының оң болуы
- 5) Мерфи симптомының оң болуы +

54. Жедел панкреатит диагнозын дәлелдеу үшін қолданылатын зерттеу әдісі:

- 1) ирригоскопия
- 2) УДЗ +
- 3) лапароскопия +
- 4) компьютерлік томография +
- 5) фиброгастроскопия

55. Өт өзегінде тас жиналуының себептері:

- 1) өт қабының аномалиясы
- 2) өт қабының қан айналымының бұзылуы
- 3) өттің литогендігінің төмендеуі +
- 4) холато-холестерин алмасуының бұзылуы +
- 5) липидтер алмасуының бұзылуы +

56. Жедел холециститтің пальпациялық белгілері:

- 1) сол жақ қабырға астының ауруы
- 2) өт қабының үлкеюі +
- 3) Ортнер белгісі оң +
- 4) оң жақ қабырға астында ауру сезімі +
- 5) оң жақ мықында ауру сезімі

57. Жедел холециститтің клиникасы:

- 1) оң жақ қабырға астының ауруы +
- 2) жүрек айну, құсу +
- 3) іштің толғақ тәрізді ауруы
- 4) іштің қатты қысып ауруы
- 5) ауру сезімі дененің оң жағына тарайды +

58. Калькулезді холециститке тән белгілер?

- 1) Мерфи +
- 2) Мюсси-Георгиевский +
- 3) Ортнер +

- 4) Щеткин-Блюмберг
- 5) Образцов

59. Жедел холециститті анықтауға қандай тексеріс жүргізіледі?

- 1) УДЗ +
- 2) компьютерлік томография +
- 3) холангиография +
- 4) экскреторлы урография
- 5) ЭФГДС

60. Өкпе артериясының кең көлемдегі тромбоэмболиясының негізгі клиникалық белгілерін атаңыз:

- 1) төс артындағы ауру сезімі +
- 2) коллапс және тұншығу +
- 3) дененің жоғарғы жартысы мен беттің көгеруі (цианозы) +
- 4) терінің бозаруы
- 5) брадикардия

61. Пневмоторакстың клиникасы:

- 1) еңтігу +
- 2) кеудедегі ауру сезімі +
- 3) дене қызуы
- 4) лоқсу, құсу
- 5) цианоз +

### Жарықтар

62. Іштің ақ сызығының жарығы кезінде асқазан рентгеноскопиясы қандай мақсатпен жасалады:

- 1) жарық қапшығында қандай ағза орналасқанын анықтау үшін
- 2) жарық қақпасының көлемін анықтау үшін
- 3) іш перде алды липомасымен ажырату үшін
- 4) асқазанның қосымша ауруларының бар жоғын анықтау үшін +
- 5) рентгеноскопия керек емес

63. Құрсақ жарықтардың пайда болу себебі:

- 1) егде жас +
- 2) асқазанның ойық жарасы
- 3) алдыңғы іш қабырғасының жарықтардың шығатын орындарының анатомиялық ерекшеліктері +
- 4) құрсақ қуысы қысымын жоғарлататын серіктес аурулар +

5) миокард инфарктісі

64.Рихтер қысылуы дегеніміз не:

- 1) дуоденалды-ащы ішек аймағында ішектің қысылуы
- 2) сигма тәрізді ішектің қысылуы
- 3) асқазанның диафрагмалды жарықта қысылуы
- 4) ішектің қабырғалық қысылуы +
- 5) Меккель дивертикулының қысылуы

65.2 сағат бойы қысылған жарық өздігінен орнына салынған (түзілген) кезде хирургтың тактикасы:

- 1) лапаротомия, құрсақ қуысы ағзаларын ревизиялау
- 2) науқасты үйіне жіберу
- 3) тазалағыш клизманы қою
- 4) стационар жағдайында науқасты тиянақты бақылау +
- 5) берілген ұсыныстардың ешқайсысы дұрыс емес

66.Жылжымалы жарықтың белгісі болып қайсысы саналады:

- 1) жарық қабына экстраперитонеалды орналасқан ағзаның қатысуы
- 2) жарық сұйығының болмауы
- 3) жарық қабына интраперитонеалды орналасқан ағзаның қатысуы
- 4) жарық қабына мезоперитонеалды орналасқан ағзаның қатысуы +
- 5) жарық сұйығының болуы

67.Жедел миокард инфарктісімен ауырған науқаста қысылған жарық анықталды. Сіздің тактикаңыз :

- 1) ішке суық басу, бақылау
- 2) жарықты орнына салу
- 3) интенсивті кардиалды терапия қоса жүргізіп, шұғыл операция жасау +
- 4) бандаж кигізу
- 5) бұлшық етке спазмолитиктерді енгізу

68.Қысылған жарықта шұғыл операцияға көрсеткіш:

- 1) қатты ауыру сезімі
- 2) жарық ішіндегі ағзалардың жарық қапшығына жабысуы
- 3) қысылған ағзаның некрозы дамуы мүмкіншілігі +
- 4) перитониттің дамуы +
- 5) ішектің жедел түйілуі дамуы +

69.Қысылған жарық кезінде ішектің өмір сүру қабілетіне баға беру үшін келесі белгілерге сүйену қажет:

- 1) ішек түсіне +

- 2) перистальтикасының болуына +
- 3) ішек тамырларының пульсациясына +
- 4) жарық қапшығындағы сұйықтыққа
- 5) қысылған ішектің кебуіне

70. Жарық элементтері:

- 1) жарық қабы ішіндегі құрсақ ағзалары +
- 2) іштің қабырғасы
- 3) тері астының май қабаты
- 4) жарық қақпасы +
- 5) жарық қапшығы +

71. Көп сағат қысылған шап жарығында тиімді алғаш қолданылатын шараларға жатады:

- 1) жылы ванна
- 2) жарықты орнына салу
- 3) шұғыл операция +
- 4) жарықты орнына салуын жеңілдететін спазмолитиктер енгізу
- 5) жарықты орнына салар алдында анальгетиктер енгізу

72. Қысылған жарыққа операция жасалған кезде қапшық ішінде ащы ішектің екі ілмегі табылды. Бұл қысылудың қандай түрі:

- 1) ретроградты +
- 2) қабырғалық
- 3) жарық қапшығында құрт тәрізді өсіндінің қысылуы
- 4) нәжістік қысылу
- 5) эластикалық

### **Асқазан және ұлтабардың ойық жарасы**

73. Ұлтабардың тесілген ойық жарасына тән белгілер:

- 1) «кофе» тәрізді құсық
- 2) бауырдың тұйықталудың жоғалуы +
- 3) іштің тік бұлшық еттерінің ” тақтайдай” қатаюы +
- 4) іштегі ” семсер сұққандай” ауру сезімі +
- 5) «шылпыл шуылы» симптомы

74. Ұлтабар ойық жарасынан қан кеткенде байқалатын тән белгілер:

- 1) іштегі ауру сезімінің күшеюі
- 2) «кофе» тәрізді құсу +
- 3) ауру синдромының басылуы +
- 4) Щеткин-Блюмберг белгісінің оң болуы
- 5) мелена +

75. Клиникаға асқазанның ойық жарасынан қан кетумен келіп түскен науқасқа шұғыл түрде диагноз қою үшін келесі шаралар көрсетіледі:

- 1) асқазан сөлінің тұрақты аспирациясы +
- 2) асқазан рентгеноскопиясы
- 3) гастродуоденоскопия +
- 4) лапароскопия
- 5) жалпы қан айналымдағы эритроциттер мен гематокриттің көлемін анықтау +

76. Науқаста асқазан-ішек жолдарынан қан кетуінің тоқтағанын немесе тоқтамағанын қалай анықтауға болады:

- 1) асқазанның шолымалы рентгеноскопиясын жасау
- 2) лапароскопия
- 3) назогастралды зонд қою +
- 4) динамикада қан анализін толық анықтау +
- 5) гастродуоденоскопия жасау +

77. Асқазан мен ұлтабардың ойық жарасының асқынулары:

- 1) қан ағу +
- 2) асқазанның бұралуы
- 3) ойық жараның тесілуі +
- 4) асқазанның шығар бөлігінің тарылуы +
- 5) механикалық сарғаю

78. Асқазан мен ұлтабардың ойық жарасынан қан ағудың классикалық белгілері:

- 1) кофе түсті құсық +
- 2) қан қысымының төмендеуі +
- 3) қан қысымының жоғарлауы
- 4) нәжіс қара май түсті +
- 5) асқазанның тұсында қатты ауру сезімі

79. Асқазан мен 12 елі ішек ойық жарасының тесілуінің клиникасы:

- 1) іш қуысындағы толғақ тәрізді ауру сезімі
- 2) іште пышақ сұққандай ауру сезімі +
- 3) іштің тік бұлшық еттерінің қатаюы +
- 4) жел мен нәжістің тоқтауы
- 5) жүрек айну, құсу

80. Ойық жара тесілгенде рентгенологиялық белгілер:

- 1) метеоризм-іштің кебуі
- 2) Клойбер табақшасы
- 3) ішек бөліктерінің керілуі

- 4) іш қуысында сұйықтықтың жиналуы
- 5) диафрагма астында орақ тәріздес ауаның жиналуы +

81. Ұлтабар ойық жарасының тесілуі кезіндегі оң жақ мықын аймағының бұлшық етінің қатаю себебін түсіндіріңіз :

- 1) жұлын арқылы рефлекторлы байланысы
- 2) құрсақ қуысында ауаның жиналуы
- 3) оң жақ каналына асқазан қышқыл сөлінің жиналуы +
- 4) бүйен ішектің кебуі
- 5) құрт тәрізді өсіндінің висцеро-висцералды байланысы

### Тік ішек аурулары

82. Геморройдың белгілері :

- 1) іштің кебуі +
- 2) қан кету +
- 3) тенезмдер
- 4) лента тәрізді нәжіс
- 5) аналды аймақтың қышынуы +

83. Анальді жарылуға әкелуші факторлар:

- 1) геморрой +
- 2) проктит +
- 3) криптит +
- 4) ұлтабардың ойық жарасы
- 5) өт тас ауруы

84. Тік ішекті саусақпен тексеру қандай жағдайда жасалмайды:

- 1) анальді сфинктердің стриктурасында +
- 2) тік ішек сызатының жедел түрінде +
- 3) қысылған геморрой кезінде +
- 4) қан кеткенде
- 5) шырыш асты парапроктитінде

85. Геморройдың жіктелуі:

- 1) сыртқы +
- 2) ішкі +
- 3) қосарланған +
- 4) біріншілік
- 5) екіншілік

86. Геморройды анықтау үшін қолданылатын әдістер:

- 1) тік ішекті саусақпен тексеру +
- 2) ректоскопия +

- 3) ректороманоскопия +
- 4) электромиография және манометрия
- 5) ирригоскопия

87. Тоқ ішектен қан кету жиі себебі:

- 1) полипоз +
- 2) созылмалы колит
- 3) бейспецификалық ойық жаралы колит +
- 4) тоқ ішектің қатерлі ісігі (III-IV саты) +
- 5) сигма тәрізді ішектің стриктурасы

**Тамыр жетіспеушілігі синдромы. Тіндер мен ағзалар ишемиясы.  
Жедел артериялық окклюзиясы.**

88. Лериш синдромы- ол:

- 1) брахиоцефалды бейспецификалық артериит
- 2) құрсақ қолқасының ақырғы бөлігі мен мықын артериясының атеросклероздық зақымдануы және тромбпен бітелуі +
- 3) аяқтың дисталдық бөлігінің эндоартерииті
- 4) миграциялық тромбоангиит
- 5) төменгі қуыс венасының флеботромбозы

89. Варикоздық аурудың хирургиялық емінің мақсаты

- а. Патологиялық өзгерген теріасты веналарын алып тастау
- б. Беткейлік және терең көктамырлар жүйелерін ажыратады
- в. Терең орналасқан көктамырдың қалыптаспаған қақпақшаларының коррекциясы
- г. Терең және біткейлік веналарды бөлшектеу, варикозды көктамырларды алып тастау+
- д. Беткейлік тамырды алыптастау, беткейлік тамырды және терең тамырды ажырату

90. Варикозды ауру операциясы кезіндегі анестезия түрлері:

- а. Жұлындық анестезия
- б. 0.25 % новокаин ерітіндісімен жергілікті инфилтраттық анестезияға
- в. Эндотрахеалды наркоз+
- г. Перидуралдық анестезия+
- д. Электроаналгезия

91. Варикоз ауруының дамуына әсер етпейтін фактор:

- а. Құрсақ қуысы гипертензия
- б. Семіздік
- в. Жалпақтабандық
- г. Ауыр атлетикамен айналысу
- д. Жүзу және велоспортпен айналысу+



92. Варикоз ауру түрлері:

- а. Беткейлік
- б. Беткейлік, терең
- в. Беткейлік, аралас
- г. Беткейлік, терең, аралас+
- д. Терең, аралас

93. Варикоздың аурундағы тиімді диагностикалық әдіс:

- а. Флебография+
- б. Флебоданометрия
- в. Лимфография
- г. Капиллярография
- д. Радионуклидті флебография

94. Варикозды ауру кезінде хирургиялық емге көрсеткіш:

- а. Терең веналардың жедел тромбофлебит
- б. Санның теріастылық веналарының жедел тромбофлебит +
- в. Қосарланған жедел хирургиялық инфекция
- г. Ойық жара аймағындағы қабыну үрдістері
- д. Қосарланған аурулардың асқынуы

95. Варикоз ауруының компенсация сатысындағы клиникалық белгілер:

- а. Аяқтағы ауырлық және керілу сезімі+
- б. Балтыр бұлшықеттерінің атрофиясы
- в. Тобық манайындағы ісіну+
- г. Балтыр бұлшықеттерінің тырысуы+
- д. Тобық үстіндегі ойық жара

96. Варикозды ауруды нәтижелі емі келесі шешімдерден тұрады:

- 1 Варикозды венатамырларды алып тастау +
- 2 Созылмалы венатамырлық жетіспеушілікті азайту +
- 3 Липидті төмендетуші терапия
- 4 Фибринолитикалық белсенділікті төмендету
- 5 Флеботропты терапия +

97. Аяқтың варикозды ауруының асқынулары:

- 1 Қан ағу +
- 2 Өкпе артериясының тромбоэмболиясы
- 3 Тромбофлебит +
- 4 Трофикалық жара +
- 5 ТФКС (ПТФС)

98. Варикоз ауруын инструментальды диагностикасы анықтайды:

- 1 Варикозды синдром себептерін +

- 2 Артерио- венозды жыланкөздерді
- 3 Перфорантты рефлюксті +
- 4 Сафено- феморальді рефлюксті +
- 5 Микроциркуляцияны

99. Созылмалы варикозды жетіспеушілік кезіндегі гемодинамикалық өзгерістер:

- 1 Аяқтарда қан қорының жиналуы +
- 2 Циркуляциялық қан көлемінің жоғарлауы +
- 3 Өкпелік гипертензия
- 4 Аяқ- қолға келетін артериалдық қанның азаюы
- 5 Ортостатикалық коллапс

100. Созылмалы венозды жетіспеушілікті түзетудегі қазіргі әдістер:

- 1 Линтон операциясы
- 2 Перфорантты көктамырлардың эндоскопиялық диссекциясы +
- 3 Эндовазалды стенттілеу
- 4 Эндовидеоскопиялық сафенэктомия +
- 5 Эндовидеоскопиялық симпатэктомия

101. Магистралды артериялар тромбоэмболиясының себептері:

- а) кіші жамбас ағзаларында операциясы
- б) өкпе ісігі
- в) митралды қақпақша ақауы +
- г) тромбофлебиттен кейінгі ауру
- д) қолқа аневризмасы +

102. Аяқ-қол магистралды артерияларының эмболиясында жиі кездесетін тамырлар:

- а) иық-бас бағынасы
- б) қолқа бифуркациясы +
- в) білек артериясы
- г) бұғана және қолтық асты артериясы
- д) мықын және сан артериясы +

103. Аяқ-қолдың артериялардың жедел бітелуінің клиникалық көрінісіне қандай факторлар әсерін тигізеді?

- а) эмболо- немесе тромбогенді аурулар
- б) жедел артериалды бітелу (эмболия немесе тромбоз)
- в) окклюзия деңгейі
- г) аяқ-қол ишемияның ағымы мен дәрежесі
- д) созылмалы вена жетіспеушілігі +

104. Артериалды эмболияға тән белгілер:

- а) аяқ-қолыда қатты ауыру сезімі +
- б) аяқ-қолдың ісінуі
- в) аяқ-қол парезі +
- г) парестезия +
- д) аяқ-қол тамырлары соғуының жиілеуі

105. Аяқтың магистралды артерияларының тромбоэмболиясының себептері:

- а) жүрек аневризмасы +
- б) бактериалды эндокардит +
- в) қолқаның жаралы атерматозы +
- г) қолқаның ойық жаралы атерматозы +
- д) илеофеморалды тромбоз

106. Шажырқай артерия эмболиясының себептері:

- а) варикозды ауру
- б) беткейлік венаның тромбофлебиті
- в) миокард инфаркт
- г) аритмия және митралды қақпақшаның стенозы +
- д) перитонит

107. Аяқ артерия ауруларында қолданылатын зерттеу тәсілдері:

- а) транслюмбальді аортография
- б) дуплексті сканерлеу +
- в) антиградная ангиография
- г) изотопты ангиография +
- д) КТ

108. Аяқ артериясы жедел тромбозының жиі себебі:

- а) облитерациялық эндартериит
- б) облитерациялық атеросклероз +
- в) артерияның пункциясы
- г) артерияның экстравазальді компрессиясы
- д) полицитемия

109. Аяқ флеботромбоздың негізгі себептері:

- а) қолқа бифуркациясының атеросклеротикалық зақымдануы
- б) венаның ішкі қабаты бүтіндігінің бұзылуы +
- в) венаның варикозды кеңеюі +
- г) қанның фибринолитикалық белсенділігінің артуы +
- д) қолқа аневризмасы

110. Аяқ-қолдың жедел ишемияның субъективті белгілері:

- а) аяқ-қол әлсіреуі +
- б) ауыру сезімі +

- в) гипостезия +
- г) кернеу сезімі (распирание)
- д) терінің қышынуы

111. Аяқтың жедел ишемиясы бар науқаста сан артерияларының соғуы анықталмайды. Окклюзия деңгейін анықтаңыз:

- а) сан артериясының жоғарғы үштігі
- б) сыртқы мықын артериясы +
- в) ішкі мықын артериясы
- г) сан артериясының ортанғы үштігі
- д) беткей және терең сан артериясының қосарланған окклюзиясы

112. Аяғының жедел ишемиясы бар науқаста тізе асты артериясы және аяқ басы артерияларының соғуы анықталмайды. Сан артериясының соғуы жоғарылаған. Окклюзия деңгейін анықтаңдар:

- а) тізе астылық артерия
- б) сан артериясының ортаңғы үштік
- в) сан артериясының төменгі үштік
- г) сан артериясының жоғарғы үштік +
- д) жіліншік артериясы

113. Антикоагулянттарды қолдануға көрсеткіш:

- а) басталған аяқ гангрены
- б) тромбофлебит +
- в) лимфангоит
- г) эндартериит
- д) облитерациялық атресклероз

114. Магистралды тамырлар тромбозының себебі:

- а) қан ағымының жылдамдатылуы
- б) қан ағымының бәсеңдеуі +
- в) қан ұйығыштығының жоғарылауы +
- г) қан ұйығыштығының төмендеуі
- д) интиманың зақымдалуы +

115. Құрсақ қолқасы бифуркациясындағы эмболияның негізгі белгілері:

- а) ишемиялық ауру сезімі +
- б) шапта сезімталдықтың жойылуы +
- в) аяқ терісінің мұздауы +
- г) аяқ терісінің бозаруы
- д) шет тамырлардағы пульстің күшеюі

116. Этиологиясы бойынша артерияның эмбол түрлері:

- а) тромб үзінділері +
- б) ауалы +
- в) майлы +
- г) алиментарлы
- д) бөгде заттар

117. Эмболмен бітелу деңгейін анықтауға қолданылатын әдістер:

- а) ангиография +
- б) ультрадыбыстық доплерография +
- в) пальпация +
- г) дуплексті сканерлеу +
- д) флебография

118. Магистралды аяқ артерияларының жедел бітелуінің белгілері:

- а) қатты ауру сезімі +
- б) аяқтың ісінуі
- в) гипостезия +
- г) парез +
- д) гектикалық температура

### **Жедел панкреатит**

119. Жедел панкреатиттің патоморфологиялық мәні мынада:

- А. Ацинарлық тіндердегі жедел өршитін дегенеративті – қабыну үрдісі +
- Б. Вирсунг өзегіне өттің енуі (рефлюкс)
- В. Вирсунг өзегінде амилазаның белсенділік алуы
- Г. Ұйқы безінің паренхимасының жедел қабынуы
- Д. Ұйқы безі өзегінің қатерлі ісігі

120. Жедел панкреатитке бейімдейтін факторларды көрсетіңіз:

- А. Ұлтабар дискинезиясы +
- Б. Қан тамырларының жүйелі аурулары +
- В. Липидтердің метаболизмінің бұзылуы +
- Г. Полиноздар
- Д. Нефропатия

